



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

канализации, и другие задачи, связанные с предотвращением эрозии почвы, что наиболее актуально для территории Казахстана.

Кроме того, дальнейшее исследование структуры водосборных площадей бассейнов, определение которой возможно по предложенному авторами методу, представляет собой огромный интерес для фундаментальных вопросов геоэкологии.

Список использованных источников

1. Кащавцева А.Ю., Шипулин В.Д. Моделирование речных бассейнов средствами ArcMap 9.3 Ученые записки Таврического национального университета имени В.И. Вернадского Серия «География». Том 24 (63). 2011 г. № 3, С. 85-92.
2. А.Н. Павлова Геоинформационное Моделирование речного бассейна по данным спутниковой съемки SRTM(на примере бассейна р. Терешки) Известия Саратовского университета. Серия «Науки о Земле». Том9. 2009 г. № 1, С. 39-44.
3. Tarboton, D. G., R. L. Bras, and I. Rodriguez-Iturbe. 1991. «Определение сети каналов по цифровым данным рельефа.» Гидрологические процессы 5: 81–100. (для Заполнение и где суммарный сток, присвоение порядка каждому звену эрозионной сети)
4. Greenlee, D. D. 1987. «Raster and Vector Processing for Scanned Linework». Photogrammetric Engineering and Remote Sensing 53 (10): 1383–1387. (направление стока)
5. Jenson, S. K., and J. O. Domingue. 1988. "Extracting Topographic Structure from Digital Elevation Data for Geographic Information System Analysis." Photogrammetric Engineering and Remote Sensing 54 (11): 1593–1600. (направлениестоккаигдесуммарныйсток)
6. Орлова Е.В. Определение географических и гидрологических характеристик водных объектов с использованием ГИС-технологий: автореф. дисс. канд.тех. наук: 25.00.27 — Санкт-Петербург, 2008 . — 27 с.
7. Lindsay J.B. A physically based model for calculating contributing area on hillslopes and along valley bottoms // Water resources research. – 2003. – Vol. 39. – Pp 1332-1338.
8. Montgomery D.R., Foufoula-Georgiou E. Channel network source representation using digital elevation models // Water Resources Research. – 1993. – № 12. – Pp. 3925-3934.
9. Погорелов А.В., Салпагаров А.Д., Киселев Е.Н., Куркина Е.В. Геоинформационный метод в практике региональных физико-географических исследований // Тр. / Тебердинский государственный заповедник. Кисловодск, 2007. Вып. 45. 200 с.

ӘОЖ 91:001.12/18

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТАНАСТАРЫН ДАМУДАҒЫ ЭКСПО - 2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІ

Қасым Нұрбала Маратқызы

nurbala_07@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Қ.Т.Сапаров

Үшінші индустриалды төңкеріс идея авторыДжерemi Рифкин (АҚШ) тұжырымдамасына сәйкес бес тірекке негізделеді – энергияның қалпына келетін көздері, осы энергияны тудыратын ғимарат, энергияны сақтау, «энергетикалық Интернет» және энергияның баламалы көздерімен жұмыс істейтін логистика, транспорт. ЭКСПО-2017 жылға қарай салынатын кешендерде осы элементтердің барлығы болатын болады[1].

ЭКСПО – бұл қоғам дамуына зор ықпал еткен халықаралық әлеуметтік экономикалық қатынастарды дамытудағы бірегей оқиға. Халықаралық сауданың, ғылымның, техниканың, құрылыс пен туризмнің дамуына оң ықпал етті.ЕХРО дәстүрлі көрмесі бұған дейін Азияның солтүстік шығысында, Еуропа мен Солтүстік Америкада өткізіліп келген екен. Ал енді

Шығыс пен Батыстың арасындағы алтын көпір болып табылатын жаңа өңірде, Еуропа, Таяу Шығыс елдерімен, бұрынғы Кеңес республикаларымен, сондай-ақ Орталық Азия елдерімен өте жақсы қарым-қатынас орнатқан жас мемлекетте өткізу Астанаға тағы бір ұпай алып келеді.

Бүкіләлемдік көрмелер тарихы 1851 жылы Лондонда өткізілген «Барлық халықтардың өндірістік жұмыстарының көрмесінен» басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасуда. 1928 жылы Парижде көрме қызметін реттеу мақсатында Халықаралық көрме бюросы құрылды. Бүгінгі күні ол – өкілетті және ежелгі халықаралық құрылымдардың бірі. Оған 166 ел мүше, осы уақыт аралығында әлемнің 43 қалаларында өтті. Соның ішінде топ жарғаны – Париж қаласы болды. Ол көрмені алты рет өткізген Халықаралық көрмелер әрдайым ноу-хоу мен техникалық жаңалықтарды көрсететін алаң болды. Онда алғашқы тігін машинасы, телефон аппараты, электр жарығы жүйесі көрсетілген болатын. 1900 жылы Париж қаласында өткен Дүниежүзілік көрмеде қолданысқа «теледидар» сөзі енгізілді (орыс инженері Константин Перскийдің есебінде алғаш аталды) [2].

Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін көрменің тақырып аясы кеңейді. Қатысушылар адамзат алдында тұрған жаһанды мәселелерді талқылауға көшті: «адам және оның Жердегі орны», «экология», «урбандалу», Тұрақты даму, біркелкі өсім, қоршаған ортаны қорғау мәселелері, технология шекаралары.

2000 жылы Ганноверде өткен көрменің ұраны – «Адамзат, табиғат және технологиялар», 2005 жылы Айчидегі көрменің – «Табиғаттың көрегендігі», 2008 жылы Сарагоста өткен көрменің – «Су және ақылды даму» және 2010 жылы Шанхайда өткен – «Қала жақсы болса, өмір де жақсы» ұрандарымен өтті. Шанхайда әлемдік көрме тарихындағы үш рекорд орнатылды: қатысушылардың саны бойынша, келушілердің саны бойынша және экспозиция көлемі бойынша, және ЭКСПО көрмесін кейінгі жылдарда өткізудің жоғарғы планкасын орнатты. 190 астам ел қатысып, 73 млн. аса адам келген іс-шара 12 млрд. доллар табыс әкелді.

Сондай-ақ пайданы тек ұйымдастырушы ел ғана емес, қатысушы ел де көретіні қызықты. Мысалы, Ганноверде (Германия) өткен ЭКСПО-2000 орналастырған көрме павильоныны үшін 10 еселеп пайда көрген. 35 млн. евро жұмсаған голландықтар өз экономикасына шамамен 350 млн. евро әкелді [3].

Бүкіләлемдік көрмелер өткізілетін орын мен олардың тақырыбы әр елдің саяси, экономикалық және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып жасалады. Құрылған кезден бастап көрмелер халықтар арасындағы ынтымақтастықты, бірлікті дамытуға ұмтылды. Көрмелер – бір жағынан, өткен мен бүгінгінің және болашақтың арасындағы байланыстырушы буын. Сондай-ақ, техникалық прогресс жетістіктерін насихаттайтын бірден-бір ықпалды құрал.

Тұңғыш Бүкіләлемдік көрме 1851 жылы 1 мамыр мен 15 қазан аралығында арнайы ЭКСПО-ға салынған Лондондағы Гайд-паркінде орналасқан Хрусталь сарайында өтті. Оның тіреу құралдарының оранжереясы өзінің қайталанбас инженерлік конструкциясымен ерекшеленген.

1855 жылдан бастап Бүкіләлемдік көрмені бір ғимаратта өткізу концепциясы ескіріп, көрме кеңістігін ұйымдастырудың жаңа нысаны – көрме алаңдарын жасау идеясы туындайды. Сөйтіп, халықаралық көрме қалашықтары пайда болады. 1893 жылғы Чикагодағы «Ақ қала» – осындай қалалардың алғашқы қарлығашы. Көрмелерді бұлай ұйымдастыру салынған нысандарды келешекте де пайдалануға мүмкіндік берген.

Бүкіләлемдік көрмелерде әсіресе сәулетке аса көңіл бөлінген. Көрмені қабылдаған қалалар заманауилықтың, техникалық прогрестің және бүкіл әлемге танымалдықтың белгісі болуға лайықты бірегей ғимараттар салуға тырысқан. Брюссельдегі Атомиум, Барселонадағы Монжуич Ұлттық сарайы, Париждегі Эйфель мұнарасы, тағы сол сияқтылар осы жұмыстардың нәтижесі.

Бүкіләлемдік көрмелер – өз елінің жақсы жақтарын көрсетудің таптырмас жолы. Мысалы, Айчидегі көрме Жапониядағы ұзаққа созылған дағдарыстан жол табуға мүмкіндік

берді. Сарагосадағы көрме – орта көлемдегі қалалардың халықаралық масштабтағы шараларын тартуға ұмтылысының көрінісі болды. Ал, 2010 жылғы Шанхайдағы Бүкіләлемдік көрме және 2008 жылғы Пекиндегі Олимпиада ойындары Қытайдың қуатты ел екендігін көрсетті.

Бүкіләлемдік көрмелер көлемі, жаңашылдығы және келушілер саны жағынан ерекшеленуге тиісті. Халықаралық көрме бюросына мүше мемлекеттердің барлығы да «ЭКСПО»-ны қабылдап, осындай елеулі оқиғаны өз жерінде өткізуге ынталы.

2008 жылғы Сарагосадағы «ЭКСПО»-да Қазақстан 104 қатысушы ел арасында «С» санатындағы павильондар арасында павильон рәсімдеудің ішкі және сыртқы критерийлері бойынша қола марапатқа ие болған. Осында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мұндай көрмені Астанада өткізудің мүмкіндігі туралы айтқан. Ал, 2010 жылғы Шанхайда өткен «ЭКСПО»-да Қазақстан павильонының басты мақсаты Астананы халықаралық деңгейде әлемдегі ең жас және қарқынды дамып келе жатқан елдің астанасы ретінде таныстыру болды. Қазақстан ұлттық экспозициясының тақырыбы «Астана – Еуразия жүрегі» деп аталды. Бұл павильонға бір миллионға жуық адам келген еді.

2012 жылы Оңтүстік Кореяның Ёсу қаласы «Жанды мұхит және жағалау» тақырыбындағы Халықаралық мамандандырылған көрмені қабылдады. Мұндағы Дүниежүзілік көрме қалашығында Қазақстанның экспозициясы ресми түрде ашылды. Жалпы аумағы 774 шаршы метрді құрайтын бұл павильонда Қазақстан туралы мол мағлұмат беріліп, Арал проблемасын шешудің жолы дүниежүзілік қауымдастықтың назарына ұсынылды. Осындай мүмкіндікке ие болған Бүкіләлемдік әмбебап көрме – «Планетаны тамақтандыру, өмірге арналған энергия» тақырыбымен 2015 жылы Милан қаласында «Болашақ энергиясы» атауымен 2017 жылы Астана қаласында өткізіледі деп күтілуде.

Бұл жердегі басты мақсат – Қазақстанның ұлттық инновациялық-инвестициялық жобаларын халықаралық қоғамдастыққа таныстыру. Еліміздің инвестициялық климатын жақсартып отырып, өзімізге шетелдік инвестицияларды, озық технологиялар мен инновацияларды тарту. Көрме жұмысына халықаралық өнеркәсіптік, инвестициялық және консалтингтік компаниялар, бизнес қоғамдастықтар, қаржылық және экономикалық институттар, ұлттық компаниялар мен холдингтер, ғылыми және талдамалық орталықтар қатысады деп жоспарлануда.

Ал, «бұл ірі шара мемлекетімізге не береді?» деген сауалға келсек.

Біріншіден, Қазақстан төрткүл дүниеге тағы жаңа қырынан танылады.

Екіншіден, «ЭКСПО - 2017» көрмесі Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары қандай үлкен жетістіктерге жеткенін күллі әлемге паш етеді.

Үшіншіден, Нұрсұлтан Назарбаев 2050 жылға дейінгі белгілеген стратегиясында Қазақстанды әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттің қатарына қосу мақсатын көздеген болатын. Ал, «ЭКСПО» көрмесі осы мақсатқа жетелейтін басты күш деп айтуға болады. «ЭКСПО»-ның Қазақстан үшін қаншалықты маңызды екенін осыдан-ақ көруге болады. Бұған қоса, Елордада ондаған мың жұмыс орындары құрылады, шағын және орта бизнесті дамытуға жаңа серпін беріледі.

Дүние жүзі көз тіккен халықаралық мамандандырылған шараны сәтті өткізу елдігімізге сын. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен «ЭКСПО - 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін дайындау мен оны өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, Үкіметтің 2013-2018 жылдарға арналған «ЭКСПО - 2017» көрмесін ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі Ұлттық жоспары қабылданды. «Астана ЭКСПО - 2017» ҰК» АҚ құрылды. Қазіргі кезде бұл ұлттық компания аталған шараны ұйымдастыру мен өткізу жұмыстарымен түбегейлі айналысып жатыр.

Көрмеге миллиондаған туристер келеді. Кәсіпкерлердің қызығушылығы оянады, инвестиция құйылады. Шағын және орта бизнес саласының өрісі кеңейеді. Ең бастысы, елімізге заманауи озық технологиялар мен ғылыми жетістіктер келеді. Сөйтіп, отандық кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндіктер туады. Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде ұлттық колөнерді, туризмді дамыту, бұл бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру шаралары жүргізілуде. Тамыры

тереңде жатқан ұлттық тарихымыз, басқа да табиғи құндылықтарымыз әлем халқының назарын аударары сөзсіз.

2012 жылы қараша айында Парижде өткен Халықаралық көрме бюросының Бас ассамблеясы отырысында Астана 2017 жылы ЭКСПО Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізетін қала болып таңдалды. Жобаланған нысанның жалпы территориясы – 173,4 га, оның 25 га көрме кешеніне беріледі, ал 148 га. территорияға әлеуметтік-мәдени мақсаттағы, білім және денсаулық сақтау нысандары, ойын-сауық орталықтары, парктер, бульварлар орналасатын болады. Алдын ала болжамдар бойынша Астанадағы көрме 3 айға – 2017 жылдың маусымынан қыркүйекке дейін созылады деп жоспарлануда. Көрмеге әлемнің 100-ге тарта елі мен 10 халықаралық ұйым, 2-3 миллион адам келеді деп күтілуде[4].

ЭКСПО-ситидің «жүрегі», көрменің символы Қазақстанның орталық павильоны болады – бұл диаметрі 150 метр болатын сфера типтес, бірнеше этаждан тұратын көлемі 24000 м² ғимарат болмақ. Тақырыптық павильондардың ішінде – «Энергия әлемі», «Өмірге арналған энергия», «Барлығына арналған энергия», «Менің болашақтағы энергиям» бар, оларда ЭКСПО-2017 100-ден астам қатысушы елдердің экспозициялары орналасады

Жобаны іске асыру барысы нәтижесінде Астана тұрақты энергетиканың дамуы, қауіпсіз қоршаған ортаны дамыту бойынша көшбасшы болып, елдің ұстанымын халықаралық көшбасшы ретінде бекіте түседі.

Қазақстан үшін бұл тек өзінің бірегей тарихы мен мәдениетін ғана көрсетіп қоймай, өзінің жетістіктері мен өзіндік инновациялық әлеуетін де тамашалатуға тағы бір мүмкіндік береді. Туристтік сала, қонақ үй бизнесі, қызмет көрсету саласының дамуына түрткі болады. **«ЭКСПО» көрмесіне арналған сауда кешендерінен бөлек, төрт мың пәтерлік тұрғын үй, қонақ үй, жаңадан Конгресс-холл, тіпті әлемде теңдесі жоқ шатырлы қалашық тұрғызу да жобада бар.**

ЭКСПО – 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыруға 10 мың қызмет көрсету маманын даярлау қажет, олардың ішінде 3,5 мыңға жуығы - энергияның жаңартылмалы түрлеріне және басқа да озық технологияларға қатысы бар бір жақты профильдегі жоғары білімді зияткерлер болуы тиіс.

Бүгінгі таңда ЭКСПО-2017 дайындауға 10 штаб жауап береді, олардың ішінде СІМ және БҒМ. Осылайша, Білім министрлігіне волонтерлерді, гидтерді және тар көлемді мамандарды даярлау бойынша жұмысты жүзеге асыру тапсырылды. Бұдан өзге, ЭКСПО-2017 дайындау кезінде осындай көрмелерді АҚШ, Германия, Корей және Жапонияда өткізуде тәжірибесі бар шетелдік кадрларды міндетті тарту күтілуде. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының құрамына кіретін 34 елге қатысты визасыз режим енгізу жоспарлануда.

Бұл Астанадағы көрмеге байланысты емес, бұл Қазақстанның индустриалды-инновациялық саясатын жүзеге асырумен байланысты. Көрмені өткізу Астана қаласының ғана емес, бүкіл Қазақстанның басқада өнірлерінің әлеуметтік экономикалық дамуына ықпал етеді деп күтілуде.

Мысалы *Республикамыздың басқа өңірлері сияқты Атырау облысы да «ЭКСПО - 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастырудың және өткізудің 2013-2018 жылдарға арналған ұлттық жоспарына сәйкес жұмыс жасауда. Облыста туризм саласында жақсы дайындық жұмыстары жүргізілетін болады. Оның ішінде, ЭКСПО қонақтары Қазақстанның басқа да қалаларына 1-2 күндік саяхат жасайды деген жоспар да бар. Осыған байланысты әрбір аймақ өзіндік туристік маршруттарын әзірлеуде.*

Өңір бойынша *«Хан Ордалы - Сарайшық» мемориалдық кешеніне қонақтарды апарып, оның тарихымен таныстыру және қала бойынша жоғары деңгейде шолу экскурсиясын өткізу, облыстық тарихи мұражайды көрсетуді ұйғарып отырмыз. Сонымен қатар, басқа да туристік нысандар назарға беріледі. Мысалы, Нарын құмындағы «Атамекен» туристік базасы, «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының аумағы, тағы басқалар бар.*

Гид-экскурсияшылармен гид-аудармышылар даярланып, әр облыс ЭКСПО-ға қатысуға жастар арасынан белгіленген санда волонтерлерді даярлап жіберетін болады.

Көрменің тақырыптық негізін ашудың принципі «Болашақтың энергиясымен» байланысты («жасыл ағаштар» мен «ақылды қала» жобаларын да қосқанда). Болашақ энергиясының тұжырымдамасы үш тақырыпшаға бөлінеді. Алғашқысы – көмірқышқыл газын сыртқа шығаруды қысқартумен байланысты, екіншісі – энергия тиімді өмірмен, үшіншісі – барлығына арналған энергиямен байланысты. Тағы бір төртінші тақырыптық бағыты бар, оны әзірше «көмірсутектіктен кейінгі өмір» деп жобалап отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бақытжанов Ғ. ЭКСПО-2017 көрмесі – елдіктің ерен жеңісі// «Егемен Қазақстан»1 желтоқсан 2012.

2. Назарбаев Н. Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысында сөйлеген сөзінде.//Егемен Қазақстан №73(28012) 2013ж.

3. Жағыпарұлы Ж. ЭКСПО туы қолымызда. // Егемен Қазақстан №69 (28008) 2013ж.

4. Сентаева Р. Қазақстанның ЕХРО көрмесін өткізуіне бір жағынан мүдделі болып отыр. Отан тарихы №4 (60)- 2013ж.

УДК 911.2

ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКОЙ ЧАСТИ КАСПИЙСКОГО МОРЯ

Маменов Сергей Даниярович

Seregamamenov23@mail.ru

Магистрант 1 курса, кафедры экологии и географии, специальности – география,

ВКГУ им. С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

Научный руководитель – Бейсембаева Р.С.

Казахстан играет достаточно важную роль в качестве участника мировых экономических процессов, располагается на пересечении основных трансконтинентальных торгово-транспортных путей, обладает значительными запасами основных видов ресурсов, сохраняет внутреннюю стабильность. В целях повышения эффективности использования имеющихся преимуществ Казахстан является инициатором развития большинства региональных и межрегиональных проектов, усилия которого отмечаются как руководителями государств мира, так и экспертами в различных сферах. Республика Казахстан в современном мире генерирует новые идеи, которые, направлены на создание экономических ценностей и реализуются они с целью роста благосостояния населения страны, повышения качества жизни и содействия общему мировому прогрессу [1].

Одним из ключевых направлений политики Казахстана является политика в Каспийском регионе.

Каспийское море – самое крупное озеро в мире, площадью более 370 тыс. км², что превышает площадь таких стран как Германии или Великобритании. Россия, Казахстан, Туркменистан, Азербайджан и Иран имеют выход к Каспийскому морю

Каспийский берег до 1991 года делили между собой 2 страны – СССР и Иран, о противостоянии на Каспии не могло быть и речи, поскольку с Советским Союзом не могли тягаться и более сильные державы, чем Иран образца 70-80-х годов.

В связи с распадом Советского Союза возникла необходимость выработки нового правового статуса Каспийского моря. В 1996 году, в целях выработки Конвенции о правовом статусе Каспийского моря, по решению министров иностранных дел пяти прикаспийских